

Азаматтық пиротехникалық заттарды және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдарды әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге, сатуға, сатып алуға, коллекциялауға, экспонаттауға байланысты қызметті лицензиялау жөніндегі біліктілік талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 шілде N 787. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.13. N 692 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 13 тамыздағы N 692 (ресми жарияланған күннен бастап жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі және "Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы" 1998 жылғы 30 желтоқсандағы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған азаматтық пиротехникалық заттарды және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдарды әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге, сатуға, сатып алуға, коллекциялауға, экспонаттауға байланысты қызметті лицензиялау жөніндегі біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 16 шілдедегі
N 787 қаулысымен
бекітілген

Азаматтық пиротехникалық заттарды және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдарды әзірлеуге, өндіруге, жөндеуге, сатуға, сатып алуға, коллекциялауға, экспонаттауға байланысты қызметті лицензиялау жөніндегі біліктілік талаптары

1. Азаматтық пиротехникалық заттарға және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдарға (бұдан әрі - пиротехникалық бұйымдар) жылу, жарық, от, дыбыс, түтін, газ немесе олардың комбинациялары түріндегі эффектілерді техникалық немесе тұрмыстық мақсаттарда өндіруге арналған пиротехникалық

қоспалар, солардың негізінде әзірленетін бұйымдар жатады.

Пиротехникалық бұйымдар қолданылу кезінде ықтимал қауіптілігі дәрежесіне қарай 4 сыртқа бөлінеді:

1-сынып - қауіпті факторлар ретінде соққы беретін толқындар мен жарылыс кезінде жан-жаққа ұшатын жарықшақтары жоқ, кинетикалық қозғалыс күші 0,5 Дж-дан аспайтын, бұйымнан 0,25 м аралықтағы акустикалық сәулеленуі 125 ДцБ-дан аспайтын, ал қалған факторлар бойынша қауіпті аймақ радиусы 0,5 м-ден аспайтын бұйымдар (бенгаль шамдары, шартылдақтар, үстелге қойылатын фонтандар, зырылдауықтар, көбелектер);

2-сынып - қауіпті факторлар ретінде соққы беретін толқындар мен жарылыс кезінде жан-жаққа ұшатын жарықшақтары жоқ, кинетикалық қозғалыс күші 5 Дж-дан аспайтын, бұйымнан 2,5 м аралықтағы акустикалық сәулеленуі 140 ДцБ-дан аспайтын, ал қалған факторлар бойынша қауіпті аймақ радиусы 5 м-ден аспайтын бұйымдар (ұшатын фейерверктер, түгінді фейерверк бұйымдары, шағын-отшашулар, концерттік фонтандар);

3-сынып - қауіпті фактор ретінде соққы беретін толқындар мен жарылыс кезінде жан-жаққа ұшатын жарықшақтары жоқ, кинетикалық қозғалыс күші 20 Дж-дан аспайтын, бұйымнан 5 м аралықтағы акустикалық сәулеленуі 140 ДцБ-дан аспайтын, ал қалған факторлар бойынша қауіпті аймақ радиусы 20 м-ден аспайтын бұйымдар (шағын рим шырақтары, үйкеліс петардалары, білтелі петардалар және петарда орамдары, жер үсті фейерверктері, шағын зымырандар);

4-сынып - қауіпті факторлар ретінде соққы беретін толқындар мен жарылыс кезінде жан-жаққа ұшатын жарықшақтары жоқ, ал қауіпті аймақ радиусы қалған факторлардың біреуі бойынша 20 м-ден астамды құрайтын бұйымдар (азаматтық кәсіби пиротехникалық бұйымдар). <*>

Пиротехникалық бұйымдар мақсаты мен қолданылу шарттары бойынша:

1) тұрмыстық мақсаттағы 1-3 қауіптілік сыныбындағы халыққа еркін сатылатын, оларды қолдану арнаулы білім мен дағдыны талап етпейтін пиротехникалық бұйымдар; <*>

2) оларды қолдану орындаушылардың (пайдаланушылардың) арнаулы білімі мен дағдысын және (немесе) техникалық жарақтаудың белгіленген шарттарын қамтамасыз етуді талап ететін техникалық және арнаулы мақсаттағы 4 қауіптілік сыныбындағы пиротехникалық бұйымдар болып бөлінеді. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.20. N 57 қаулысымен .

2. Азаматтық пиротехникалық заттарды және олардың қолданылуымен жасалған бұйымдарды әзірлеуге және (немесе) өндіруге және (немесе) жөндеуге және (немесе) сатуға және (немесе) сатып алуға және (немесе) коллекциялауға

және (немесе) экспонаттауға байланысты лицензия алуға үміткер өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қамтиды:

1) лицензия алуға үміткер жеке тұлғаның немесе пиротехникалық бұйымдарға рұқсат алатын заңды тұлғаның қызметкерінің жоғарыда аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығын беретін курстарды бітіргендігі туралы к у ә л і г і б о л у ы т и і с ;

2) лицензия алуға үміткер жеке тұлғада немесе пиротехникалық бұйымдарға рұқсат алатын заңды тұлға қызметкерінде мәлімделген қызметті жүзеге асыруға байланысты теріс көрсеткіштерінің (психикалық аурулары, алкоголизм немесе нашақорлық) бар-жоғы туралы медициналық анықтамалардың болуы;

3) өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес келетін және есепке алынған өнімнің сақталуын, қатаң есепке алынуы мен бар-жоғын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін арнайы жабдықталған пиротехникалық бұйымдарды сақтау мен сатуға арналған үй-жайлардың болуы;
< * >

4) лицензияланатын қызмет түрін жүзеге асыру жағдайы өрт қауіпсіздігі талаптарына сай екендігі туралы өртке қарсы қызмет органы қорытындысының б о л у ы ;

5) азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі экологиялық, тау-кен техникалық және санитарлық қадағалау органдары қорытындыларының болуы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.01.20. N 57 , 2005.06.30. N 662 қаулыларымен.

3. Пиротехникалық бұйымдарды әзірлеуге және өндіруге байланысты қызметті жүзеге асыру үшін мынадай қосымша талаптар қойылады:

1) пиротехникалық бұйымдарға және олардың компоненттеріне химиялық зерттеу жүргізуге арналған зертханалардың болуы;

2) пиротехникалық бұйымдарға бақылау сынақтарын жүргізу үшін арнайы жабдықталған аумақтың болуы.

4. Пиротехникалық бұйымдарды сатып алуға байланысты лицензияны алуға үміткер өтініш берушіге қойылатын біліктілік талаптары мыналарды қамтиды:

1) өтініш берушіде пиротехникалық бұйымдармен сауда жасау және (немесе) оларды коллекциялау және (немесе) экспонаттау құқығына лицензияның болуы;

2) пиротехникалық бұйымдарды сатып алуға және олардың сақталуына жа у а п т ы а д а м н ы ң б о л у ы ;

3) пиротехникалық бұйымдарды сатып алуға және олардың сақталуына жауапты адамның мәлімделген қызметті жүзеге асыруға байланысты теріс көрсеткіштерінің (психикалық аурулары, алкоголизм немесе нашақорлық) бар-жоғы туралы медициналық анықтамаларының болуы;

4) өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарына сәйкес келетін және есепке алынған өнімнің сақталуын, қатаң есепке алынуы мен бар-жоғын тексеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін арнайы жабдықталған үй-жайлардың болуы.

5. 4-тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қызмет түрлеріне лицензиясы бар заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер 1-4 қауіптілік сыныбындағы пиротехникалық бұйымдарды сатып алуға берілген лицензия бойынша сатып алады (қосымшаға сәйкес), ал 1-3 қауіптілік сыныбындағы пиротехникалық бұйымдарды оларды сатып алуға лицензия талап етпей, халыққа еркін сатады. <*

Ескерту. 5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.20. N 57 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 20 қаңтардағы
N 57 қаулысына
қосымша

Ескерту. Қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.01.20. N 57 қаулысымен .

Қосымша
Қазақстан Республикасының Ішкіісмині

(ішкі істер органының атауы)

20 __ ж. " __ " _____

N ____ лицензияның түбіртегі

(заңды тұлғаның, филиалдың,

өкілдіктің толық атауы, жеке кәсіпкердің Т.А.Ә.,

олардың заңды мекен-жайы)

(Т.А.Ә., жеке куәлігінің немесе төлқұжатының нөмірі,

сериясы, кім және қашан берген)

дербес

жауапкершілігі

бойынша

(азаматтық пиротехникалық заттардың

және олардың қолданылуымен жасалған

бұйымдардың атауы және саны)

сатып алуға берілді.

Берілген күнінен бастап алты ай
мерзім ішінде жарамды
М.О.

Бастық _____

(тегі, аты-жөні, қолы)

Ескерту. Лицензия берген ішкі істер органында қалады.

(Бланкінің жалғасы)

Қазақстан Республикасының Ішкіісмині

(ішкі істер органының атауы)

20 __ж. " __ " _____

№ _____ лицензияның нұсқасы

(заңды тұлғаның, филиалдың,

өкілдіктің толық атауы, жеке кәсіпкердің Т.А.Ә.,

олардың заңды мекен-жайы)

(Т.А.Ә., жеке куәлігінің немесе төлқұжатының нөмірі,

сериясы, кім және қашан берген)

дербес

жауапкершілігі

бойынша

(азаматтық пиротехникалық заттардың

және олардың қолданылуымен жасалған

бұйымдардың атауы және саны)

сатып алуға берілді.

Берілген күнінен бастап алты ай
мерзім ішінде жарамды
М.О.

Бастық _____

(тегі, аты-жөні, қолы)

Ескерту. Сатып алушының қолында қалады. Пиротехникалық бұйымдарды сатып алу кезінде сатушы ұйым сыртқы жағына сатылған пиротехникалық өнімнің атауы мен санын көрсетіп жазады.

(Бланкінің жалғасы)

Қазақстан Республикасының Ішкіісмині

(ішкі істер органының атауы)

20 __ ж. " __ " _____

№ _____ лицензия

(заңды тұлғаның, филиалдың,

өкілдіктің толық атауы, жеке кәсіпкердің Т.А.Ә.,

олардың заңды мекен-жайы)

(Т.А.Ә., жеке куәлігінің немесе төлқұжатының нөмірі,

сериясы, кім және қашан берген)

дербес

жауапкершілігі

бойынша

(азаматтық пиротехникалық заттардың

және олардың қолданылуымен жасалған

бұйымдардың атауы және саны)

сатып алуға берілді.

Берілген күнінен бастап алты ай мерзім ішінде жарамды

М.О.

Бастық _____

(тегі, аты-жөні, қолы)

Ескерту. Сатушы ұйымда қалады. Сыртқы жағына сатылған пиротехникалық өнімнің атауы мен саны көрсетіліп жазылады.

Пиротехникалық! Саны !Шығарған!Пиротехникалық! Саны !Шығарған
бұйымның атауы!_____! елі !бұйымның атауы!_____! елі
!қор.!дана! ! !қо.!дана !

! а п ! ! ! ! р а п ! !
! ! ! ! ! ! ! ! !

20 ___ ж. " ___ " _____ ! 20 ___ ж. " ___ " _____
! !

Сатушы ұйымның ! Сатушы ұйымның
мөртаңбасы _____ ! мөртаңбасы _____
(жауапты адамның қолы) (жауапты адамның қолы)